



Павлодар облыстық газеті
1929 жылғы 15 ақпаннан шығады

SARYARQA SAMALY

30 сәуір, бейсенбі
2026 жыл
№17 (16136)



ssamaly29@gmail.com

www.saryarka-samaly.kz

facebook.com/saryarqasamaly

@saryarqa_samaly

@saryarqa_samaly

ШАҒАР

Ірі жобалар қарқын алуда



Суретті түсірген - Есенжол Исабек.

Павлодар қаласының Усолка шағын ауданында 1 200 орындық жаңа мектептің құрылысы басталды. Заманауи талаптарға сай салынып жатқан білім ордасы оқушылар үшін қолайлы жағдай жасап, шаһардағы мектеп орындарының тапшылығын азайтуға мүмкіндік береді деп күтілуде. Сонымен қатар, әуежайдың ұшу-қону жолағын жаңарту жұмыстары жалғасып жатыр.

1 МАМЫР - ҚАЗАҚСТАН
ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ
КҮНІ



Құрметті Павлодар
облысының тұрғындары!

Ардақты жерлестер!
Сіздерді Қазақстан халқының
бірлігі күнімен шын жүректен
құттықтаймын!

Бұл мереке қоғамымыздың
ең асыл құндылықтары –
бейбітшілік, келісім мен өзара
құрметтің айқын көрінісі. Достық
пен ынтымақ әрқашан еліміздің
тұрақтылығы мен өркендеуінің
берік негізі болып келеді және
солай болып қала бермек.

Павлодар өңірі сан түрлі
этнос пен мәдениет өкілдеріне
ортақ шаңыраққа айналды.
Осы аралуандықтың өзінде
біздің күшіміз, байлығымыз
және жарқын болашағымыз
жатыр. Біз барлығымыз бірге
өңірдің игілігі жолында еңбек
етіп, оның тұрақты дамуына
мызғымас негіз қалап келеміз.

Сіздерге зор денсаулық,
баянды бақыт пен мол ырыс-
береке тілеймін! Әр шаңырақта
тыныштық пен татулық сал-
танат құрып, ортақ Отаны-
мыз – Қазақстан Республика-
сында әрдайым тұрақтылық,
бірлік пен гүлдену үстем болсын!

Асайын БАЙХАНОВ,
Павлодар облысының әкімі.

ҰЙЫМ

ЕЛ РУХАНИЯТЫНЫҢ
ТЕМІРҚАЗЫҒЫ



22
бет

Жалғасы 4-бетте ►►



Телефон камерасымен осы
QR кодты сканерлеу арқылы
видео көре аласыз.